


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 783	▲ 2,51%	▲ 15,6%
NASDAQ	22 635	▲ 2,80%	▼ -2,6%
DJIA	47 910	▲ 2,85%	▲ 13,0%
CBOE Volatility Index (VIX)	21	▼ -18,39%	▲ 17,3%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 609	▲ 2,51%	▲ 28,4%
DAX	2 055	▲ 4,89%	▲ 20,5%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 893	▲ 3,09%	▲ 32,0%
Nikkei 225	56 342	▲ 5,45%	▲ 41,2%
Shanghai SE	3 995	▲ 2,69%	▲ 22,4%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 707	▼ -0,05%	▲ 35,7%

## Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 индексі 2,51%-ға өсіп, 6 782,81 долларға жетті; Nasdaq Composite 2,80%-ға көтеріліп, 22 634,99 деңгейіне жетті; ал DJI 2,85%-ға қымбаттап, 47 909,92 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексінің 11 секторының 10-ы сауда барысында өсім көрсетті. Ең жоғары өсім Consumer Discretionary (+3,8%), Industrials (+3,6%) және Materials (+3,3%) секторларында байқалды. Төмендеу тек Energy секторында (-3,1%) тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 925 651 363 471	▲ 1,0%	▼ -1,0%	▲ 49,7%
Consumer Discretionary	6 311 992 718 073	▲ 3,8%	▼ -0,5%	▲ 32,4%
Consumer Staples	3 501 730 840 802	▲ 1,2%	▼ -3,0%	▲ 8,2%
Energy	2 078 463 515 745	▼ -3,1%	▲ 2,4%	▲ 59,1%
Financials	7 832 289 204 937	▲ 2,6%	▼ -3,0%	▲ 24,3%
Industrials	4 438 587 351 798	▲ 3,6%	▼ -0,1%	▲ 50,5%
Information Technology	19 418 995 525 742	▲ 3,1%	▲ 3,7%	▲ 155,8%
Materials	1 110 387 522 121	▲ 3,3%	▲ 3,2%	▲ 38,2%
Real Estate	1 151 638 962 904	▲ 1,5%	▼ -0,2%	▲ 9,4%
Utilities	1 447 557 514 846	▲ 1,0%	▲ 2,1%	▲ 28,1%
Health Care	5 373 806 261 885	▲ 2,4%	▼ -0,8%	▲ 18,2%

АҚШ қор алаңдары сәрсенбі күні сауданы айтарлықтай өсіммен аяқтады. Бұған Пәкістанның делдалдығымен қол жеткізілген келісім туралы жаңалықтар әсер етті. Бұл келісім АҚШ пен Иран арасындағы әскери қақтығыстың екі апталық үзілісіне әкелді. Геосаяси шиеленістің бәсеңдеуі инвесторлардың көңіл-күйін жақсартып, тәуекелді активтерге суранысты арттырды.

Қосымша оптимизмді ирандық жоғары лауазымды шенеуніктің Ормуз бұғазы бейсенбі немесе жұма күні қайта ашылуы мүмкін екені туралы мәлімдемесі күшейтеді. Әлемдік мұнай жеткізілімінің шамамен бестен бір бөлігі өтетін бұл бұғаз, егер тараптар атысты тоқтату жөніндегі негіздік келісімге келсе, бейбіт келіссөздер қарсаңында қайта ашылуы мүмкін. Бұл өз кезегінде энергия тасымалының үзілуіне қатысты алаңдаушылықты төмендетті.

Тәуекелдердің әлсіреуі аясында мұнай фьючерстері күрт төмендеді: келесі айға жеткізіліммен WTI және Brent маркалы мұнай фьючерстері тиісінше 16,4% және 13,3%-ға арзандап, екі марка да барреліне 100 доллардан төмен түсті. Мұнай бағасының төмендеуі бұған дейін геосаяси шиеленіс аясында өскен энергетикалық секторға қысым көрсетті. Ірі мұнай компанияларының акциялары төмендеудің көшбасшылары қатарында болды. Exxon Mobil және Chevron акциялары 5%-дан астам арзандады, ал Occidental Petroleum, Devon Energy, Diamondback Energy және Copoco/Phillips компанияларының бағалы қағаздары да айтарлықтай төмендеді. Қысым мұнай сервистік компанияларға және мұнай өңдеу кәсіпорындарына да тарады.

Сұйытылған табиғи газ экспорттаушылары арасында да елеулі төмендеу байқалды. Қақтығыс кезінде жоғары споттық бағалардан пайда көрген Venture Global және Cheniere Energy акциялары тиісінше 12% және 5,9%-ға төмендеді. Бұл энергетикалық нарықтың тұрақтануына байланысты кірістілік күтулерінің төмендеуін көрсетті.

Нарықтарға қосымша фактор ретінде АҚШ Федералдық резерв жүйесінің наурыз айындағы отырысының жарияланған хаттамалары әсер етті. Құжаттар реттеушінің пайыздық мөлшерлемелерді көтеруге дайын екендігін көрсетті. Сонымен қатар, ФРЖ өкілдері әскери қақтығысқа байланысты мұнай шоқының әсерінен 2026 жылға арналған инфляция болжамын жоғарылатты.

Жалпы алғанда, геосаяси тәуекелдердің төмендеуінен кейін нарықтарда айтарлықтай жеңілдік байқалды, бұл акциялардың өсуін қолдап, әрі қарай көтерілу әлеуетін қалыптастырды. Дегенмен, нарық қатысушылары экономикалық жағдайдың тұрақсыз болып қалатынын атап өтуде, ал жоғары белгісіздік инвесторлар, бизнес және үй шаруашылықтары үшін тәуекелдерді сақтап отыр.



KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	387	▲ 2%	▲ 41,4%
Банк ЦентрКредит	4 500	▼ -1%	▲ 96,3%
Kcell	3 329	▲ 1%	▼ -1,5%
Қазатомпром	38 480	▲ 3%	▲ 88,2%
ҚазТрансОйл	1 171	▼ -5%	▲ 42,3%
KEGOK	1 446	0%	▼ -4,9%
Kaspi.kz	36 327	▲ 1%	▼ -33,8%
ҚазМұнайГаз	30 500	▼ -3%	▲ 108,5%
Эйр Астана	725	▲ 1%	▼ -36,5%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	476,78	▲ 1,87%	▼ -5,9%
RUB/KZT	5,85	0,00%	▼ -8,6%
CNY/RUB	10,96	0,00%	▼ -0,3%
EUR/USD	1,1662	0,59%	▼ -0,5%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.